

Тест спецификациясы

1. Тақырыбы: «Бейнелеу өнері және сызу» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

2. Құрастырылу мақсаты: Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.

3. Міндеті: Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

4. Тест мазмұны: Тест үш блоктан тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма,

Б3 бөлігі - екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 42 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 10 тапсырма.

| № | Тақырып | № | Тақырыпша | Күрделілік деңгейі | Тапсырма формасы | Тапсырма саны |
|---|---------------------------|---|--|--------------------|------------------|---------------|
| 1 | Теориялық мағлұматтар | 1 | Бейнелеу өнерін үйрету әдіс-тәсілдері. Бейнелеу өнерінің негізгі түрлері мен жанрлары. | А | б/б | 1 |
| 2 | Композициясы мен болашағы | 1 | Суреттің композициясы. | В | 1/5 | 3 |
| | | 2 | Кеңістік /перспектива/. | В | 1/5 | 3 |
| 3 | Графика | 1 | Графика түрі, Графиканы орындау техникасы. | В | б/б | 1 |
| 4 | Бейнелеу өнері | 1 | Бейнелеу өнерінің түрлері және орындау технологиясы. | В | б/б | 1 |
| | | 2 | Бейнелеу өнеріндегі түс. | С | 1/5 | 1 |
| 5 | Мүсін | 1 | Мүсіннің түрлері. Мүсінді орындау техникасы. | В | б/б | 1 |
| 6 | Сәулет өнері | 1 | Сәулет өнерінің типтері. Сәулет өнерінің стильдері. | В | 1/5 | 3 |
| 7 | Декоративті қол өнер | 1 | Сәндік қолданбалы өнер түрлері. | В | 1/5 | 4 |
| | | 2 | Өрнектердің түрлері мен типтері. | А | б/б | 1 |
| 8 | Дизайн | 1 | Дизайн түрлері. | В | 1/5 | 4 |
| | | 2 | Дизайн стилі. | В | 1/5 | 3 |
| 9 | Қазақстан суретшілері | 1 | Ә.Қастеев, А.Ғалымбаева, А.Дүзелханов, Е.М. Сидоркин. | С | 1/5 | 2 |
| | | 2 | Г. Исмаилова, М.Кенебаев, Х.Наурызбаев, Н.Г.Хлудов. | С | 1/5 | 1 |
| | | 3 | Н. Тансықбаев. С.Романов, К.Мулдашев, К.Телжанов. | С | 1/5 | 1 |

| | | | | | | |
|-----------|---|---|---|-----|-----|---|
| 10 | Сызбаларды безендірудің негізгі ережелері және сызудағы геометриялық салулар. | 1 | Сызу аспаптары мен жабдықтары. Масштабтар. Сызбаны оны шектейтін сызықпен (жиіктемемен) және негізгі жазумен безендіру. Сызба сызықтары. Сызба қаріптері. Сызбаларға өлшемдерді түсіру. | A | б/б | 1 |
| | | | A | 1/5 | 5 | |
| | | 2 | Перпендикуляр түзу салу. Түзу кесінділерін тең бөліктерге бөлу. Бұрыштарды тең бөліктерге бөлу. Шеңберді тең бөліктерге бөлу. Сызықтардың түйіндесулері. Лекалоны пайдаланып, қисық сызықтар сызу. | A | б/б | 1 |
| | | | | A | 1/5 | 5 |
| 11 | Проекциялау әдістері | 1 | Центрлік, параллель және тік бұрыштап проекциялау. | C | 1/5 | 1 |
| | | 2 | Аксонометриялық проекцияларды алу және оларды салу. Жазық фигуралардың аксонометриялық проекциялары. Жазық жақты нәрселердің аксонометриялық проекциялары. Беттері дөңгелек пішінді нәрселердің аксонометриялық проекциясы. Техникалық сурет. | B | б/б | 1 |
| 12 | Геометриялық денелердің және модельдердің проекциясы. | 1 | Нәрсенің геометриялық пішініне талдау жасау. Геометриялық денелердің сызбалары. Нәрсенің төбелерінің, қырлары мен жақтарының проекциялары. | B | 1/5 | 1 |
| | | 2 | Нүктенің нәрсе бетіндегі проекциясын салу. Берілген екі көрінісі бойынша нәрсенің үшінші көрінісін салу. Геометриялық денелер бетінің жазбалары. | B | 1/5 | 2 |
| 13 | Қималар және тіліктер | 1 | Сызбада көріністерді орналастыру. Жергілікті көріністер. Қималардың атқаратын қызметі. Қималарды орындау. | B | б/б | 1 |
| | | 2 | Қарапайым тіліктерді орындау және белгілеу. Күрделі тіліктер. Көрініс пен тілікті біріктіру. Тіліктерді аксонометриялық проекцияларда салу. | C | б/б | 1 |
| 14 | Машина жасау сызбалары туралы жалпы мәліметтер | 1 | Бұйымдар туралы жалпы түсінік. Тетіктерді біріктіру туралы жалпы мәліметтер. Бұранданы кескіндеу және белгілеу. Тетіктерді біріктірудің сызбалары. | B | 1/5 | 2 |
| | | 2 | Бұйымдардың құрастырмалы сызбасы. Сипаттамалық құжат. Күрделі емес құрастырмалы сызбаларды оқу. Бөлшектеу. | C | 1/5 | 1 |

| | | | | | | |
|--|--|---|---|---------------|-----|-----------|
| | | | Эскиздердің атқаратын қызметі. Эскиздерді орындау. | | | |
| 15 | Құрылыс және топография сызбаларының элементтері | 1 | Құрылыс сызбаларының ерекшеліктері. Қарапайым құрылыс сызбаларын оқу. | В | 1/5 | 2 |
| | | 2 | Топографиялық сызулардың элементтері. | В | 1/5 | 2 |
| 16 | Графикалық редакторда жұмыс істеу | 1 | Компьютерлік графиканың программасы туралы түсінік. Екі өлшемді және үш өлшемді модельдерді құру. | В | 1/5 | 4 |
| 17 | Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.). | | Бейнелеу өнері (1 мәтінге 5 тапсырма) | А, А, В, В, С | 1/5 | 5 |
| | | | Сызу (1 мәтінге 5 тапсырма) | А,А, В,В,С | 1/5 | 5 |
| Тестінің бір нұсқадағы тапсырмалар саны | | | | | | 70 |

5. Әрбір тапсырманың сипаттамасы:

Теориялық мәліметтер: бейнелеу өнері эстетикалық қызметі; бейнелеу өнері сабағының ұйымдық негізі; бейнелеу өнері жанрлар; бейнелеу өнерінің негізгі түрлері.

Композициясы мен болашағы: суреттің композициясы; болашақтың негізгі міндеттері; түстің болашағы; кеңістіктегі болашақ.

Тізімі: тізімдер түрі; көркем техникалық мәліметтер; тізімді орындау техникасы; пластикалық анатомия.

Бейнелеу өнері: бейнелеу өнерінің түрлері; бейнелеу өнеріндегі түс; табиғат бейнесі; бейнелеу өнерді орындау техникасы; көркем техникалық мәліметтер.

Мүсін: мүсіннің түрлері; мүсіннің типтері; мүсінді орындау техникасы; мүсіндік ойма.

Сәулет өнері: сәулет өнерінің типтері; сәулет өнерінің стильдері; классикалық сәулет өнерінің жәдігерлері; Қазақстанның тарихи жәдігерлері.

Декоративті қол өнер: декоративті қол өнерді топтастыру; декоративті қол өнердің түрлері; Қазақстан халықтарының декоративті қол өнері; қазақ ұлттық декоративті қол өнері; қазіргі заман талабына сай декоративті қол өнері.

Әлемдік көркем мәдениет: ежелгі, орта ғасырлық және қазіргі заман өнер; топтау.

Қазақстанның бейнелеу өнері: ежелгі Қазақстан өнері; Қазақстанның суретшілері; қазақ ұлттық өнерінің түрлері; Қазақстанның қазіргі заман талабына сай өнері.

Әрлендіру: әрлендірудің түрлері мен стильдері; құрал-жабдықты әрлендіру.

Сызбаларды безендірудің негізгі ережелері және сызудағы геометриялық салулар: сызбаларды орындаудың жалпы ережелерін білу. Масштабтар. Пішімдер және негізгі жазу. Сызба сызықтары. Сызба қаріптері. Сызбаларға өлшемдерді түсіру. Шеңберді тең бөліктерге бөлу. Түйіндесулер. Проекциялау әдістері: центрлік, параллель және тік бұрыштап проекциялау әдістері. Аксонометриялық проекциялар. Геометриялық денелердің және модельдердің проекциясы: геометриялық денелердің сызбалары. Берілген екі көрінісі бойынша нәрсенің үшінші көрінісін салу. Өзара перпендикуляр жазықтықтарға тік бұрыштап проекциялау негіздері. Қималар және тіліктер: сызда көріністерді орналастыру. Жергілікті көріністер. Қималар. Тіліктер. Тіліктерді аксонометриялық проекцияларда салу. Машина жасау сызбалары туралы жалпы мәліметтер: бұйымдар туралы жалпы түсінік. Тетіктерді біріктіру туралы жалпы мәлімет. Тетіктерді біріктірудің сызбалары. Бұйымдардың құрастырмалы сызбасы. Бөлшектеу. Эскиздерді орындау. Құрылыс және топография сызбаларының элементтері: құрылыс

сызбаларының ерекшеліктері. Топографиялық сызулардың элементтері. Графикалық редакторда жұмыс істеу: компьютерлік графиканың программасы туралы түсінік. Екі өлшемді және үш өлшемді модельдерді құру.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт – 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде – 70 тапсырма.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,
- екі және одан көп қате жауап үшін 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Бейнелеу өнері. Ұ.Ш.Ибрагимов, Қ.К. Болатбаев, 4сынып.

3. Ибрагимов .Ш,Болатбаев Қ.Қ.Оқыту әдістемесі.

4. 6-сынып, Бейнелеу өнері. З.Айдарова.

5. Бейнелеу өнері, Н.А. Раупова, Ә.Т. Төлебиев, 3сынып.,2010.

6. Айдарова. 3 Алматы: Атамұра,2002.

7. Қ.Болатбаев, Ұ.Ибрагимов. Бейнелеу өнері оқыту әдістемесі.

8. Бейнелеу өнері, Қ.К.Болатбаев, Ұ.Ш.Ибрагимов, 5сынып.

9. Н.А.Раупова, Ә.Т. Төлебиев. Бейнелеу өнері.

10. В. Г. Чукалин, Х. К. Танбаев, И. А. Развенкова, О. С. Лосенко, Е. Е. Велькер «Көркем өнер» 5 кл. Көкшетау: «Келешек-2030», 2017.

11. 6 сынып.Бейнелеу өнері.З.Айдарова.Алматы.

12. «Кемпірқосақтың түсі қандай»Е.Каменева.Алматы «Өнер»1981.